

# «Экологияға мән беретін уақыт жетті»

«Ақ жол» газетінің 30-қаршадағы №140 санына «Экологияға мән беретін уақыт жетті» атты мақала жарияланды.



# Экологияға мән беретін уақыт жетті

Бүгінде елімізде жұртшылықты экологиялық мәселелер алаңдатып отырғаны байқалады. Мәселен, батыс өңірде газ бен мұнайдың ауаны ластауы, солтүстік өңірлерде ірі кәсіпорындардың шоғырлануынан қалаларды қара түтін басқаны, Алматы, Шымкент секілді ірі қалалардың ластануы ешкімді бейжай қалдырмаса керек.

Әрине, еліміздің солтүстік өңіріне «көгілдір отын» газ магистралінің жеткізілуі бұл мәселені жеңілдететіні анық. Қазірдің өзінде Нұр-Сұлтан қаласының үлкен бір бөлігі «көгілдір отынға» қосылды. Алдағы жылдары ол көлемін ұлғайтып, қаланы қара-түтіннен құтқаратыны анық. Бұл экологиялық қауіпсіздік саласында атқарылып жатқан тірліктің бір парасы ғана.

Кешегі кеңестік кезеңде Жамбыл қаласы (бүгінгі Тараз) еліміздегі ауасы лас қалалардың бірі аталатын. 1989 жылы республикамызда табиғат қорғау комитетінің 2005 жылға дейінгі «Экология» бағдарламасы қабылданған. Онда елімізде ауа-су, жер тазалығын жақсарту белгіленген. Оны талқылауға министрліктер, жергілікті халық депутаттары Кеңесінің атқару комитеттері, табиғат қорғау ұйымдары қатысқан. Алайда ол бағдарлама сөз жүзінде қалып қойды.

1992 жылы Жамбыл қаласында «Халыққа білім беру жүйесіндегі экологиялық оқыту мен тәрбие» проблемасына арналған мемлекетаралық ғылыми-педагогикалық және



методикалық конференция өтеді. Конференцияда Жамбыл облысының және қаласының аумағында бірнеше химиялық зауыттардың шоғырлануынан ауаға келетін зиянды мәселелер талқыланады. Онда Жамбыл облыстық экологиялық комитетінің мынадай мәліметі көрсетілген: Атмосфераның ластану индексі Жамбыл қаласында өте жоғары, ол тек қана 1990 жылы 19,7 болды, ал ол норма бойынша 1 болуы керек.

Концентрация ауа бассейнінде нормадан 3 есе көп. Дәл осындай жағдай жер мен суға да қатысты.

Сол жиында баяндама жасаушылар химия өнеркәсібінің Жамбыл өңірінің табиғатына, халықтың тұрмысына әкелетін зияндары осыған дейін мүлде айтылмай келгенін алға тартқан. Химия зауыттарының аса үлкен деңгейде, толық нәтижелі улы және былғаныш газдарды, улы және былғаныш суларды тазалайтын жүйесі болмаса, қалдықтарды толық тазалайтын сүзгіштер орнатылмаса, дертке душар қылатын ауру әкелетінін ашып айтқан.

Одан беріде талай жылдар өтті. Жоғарыда көтерілген мәселелер он шешімін тапқан шығар деген сенімдеміз. Десек те өзіміз тұрып жатқан Тараздың экологиялық ахуалына зер салмасак болмайды. Қазір автокөліктен жолдар қайыскандай. Олардан шығатын улы газдың өзі ауаны ластайды. Қаланың қай тұсына барсаңыз да құрылысы жүріп жатқан үйлерден көз тұнады. Оған саулеті келіскен жеке үйлерді қосыңыз. Тіпті қаланың батыс жағында зауыт айналасында таудай болып жатқан қалдықтың маңына дейін тұрғын үйлер салынып жатыр. Өлгі үйінділерді адамдардың денсаулығына зияны жоқ деп айтуға бола ма?

Қазір елімізде экологиялық Заң кодексі қаратылып жатыр. Ендігі үмітіміз сол кодексте.

Жарықжасын Д.ДАБЕКОВ,  
облыстық мемлекеттік архивтің қызметкері.

---

# **ТАРИХИ            ӘДІЛДІК            ОРНАТУ**

## **АРХИВТЕРДІ АШУДАН БАСТАЛАДЫ!**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіптің Қазақстан Рсепубликасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Л.Тоғажановқа еліміздегі кітапханалар мен архивтердің жағдай жайлы айтып, өзекті мәселе көтерді. Онда облыс орталықтарындағы архивтердің де жағдайы баяндалады.

### **ТАРИХИ ӘДІЛДІК ОРНАТУ АРХИВТЕРДІ АШУДАН БАСТАЛАДЫ!**

Қазіргі кезде технологиялық жағынан алға кеткен елдер ғылымға ЖІӨ-нің 2,7-4,3% көлемінде қаржы бөледі. Оның 1% көрсеткіштен төмен болуы мемлекеттің ғылыми-техникалық қауіпсіздігі үшін қауіпті болып есептеледі. Статистика комитетінің мәліметі бойынша, Қазақстанда ғылымға 0,16 пайыз қаржы қарастырылған. Бұл ең төменгі көрсеткіштен 6 есе төмен.

Кітапханалар мен архивтер – ғылымға бастайтын жол. Көптеген кітапханада кітапқа тапсырыс беру электронды түрде жүзеге асырылады. Кітапхана қорында сақталған кітаптар тұтастай толыққанды электронды тізімге енгізілмеген. Іздестіру жүйесі дұрыс қалыптаспаған. Арнайы кілтсөздер арқылы іздеп табу қиынға соғады.

Ұлттық кітапханалар мен мұрағаттарда құжаттар мен жазбаларды сақтау ісіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Көне жазбаларды санитарлық нормаларға сай сақтамаса, көзге көрінбейтін әртүрлі паразиттер жеп қояды. Мұндай жағдайда түпнұсқаларын келешек ұрпаққа жеткізу қиындайды.

Елордадағы Ұлттық архивке қарасты Қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығын алайық. Орталық 2017 жылы ашылғанда Алматыдағы Кітап музейінен, басқа да облыстардағы кітапханалардан негізгі қор жиналған. Бізде шетелдегідей орталықтандырылған қолжазбалар мен сирек кітаптар қоры жоқ. Еліміздің әр аймағындағы кітапханаларда қолжазбалар мен сирек кітаптары бар. Солардың бәрін бір орталыққа жинап, неге үлкен ортақ қор жасамасқа?

Орталықтың қолжазбалар мен сирек кітапты сақтайтын жері өте тар. Қор көбейген сайын, ғимаратқа сыймай барады. Орталықтың

ғимараты еуропалық талаптарға мүлдем сай емес. Орталықтың көрермендерге арнап дайындаған көрмесі де өте кішкентай. Кітап қоры көбейген сайын орталықта ғылыми сараптамалық топты ұлғайту керек. Мұнда 4 реставратор жұмыс істейді.

Бізде реставрация саласы да дамымаған. Заманауи техникалармен көбірек жабдықтау қажет. Реставраторларды арнайы даярлау ісімен бірге, олардың денсаулығын да ескеру қажет. Себебі қолжазбамен жұмыс істеу, оны реставрациялау денсаулыққа зиянды.

Аймақтардағы архивтердің де жағдайы жетісіп тұрған жоқ. Құжаттарды қайда қоярын білмейді. Қазақстанда үлкен жүйелі кітап көрмесі жоқ. Негізі осы орталық аясында үлкен кітап көрмесін жасауға болады. Сонау Орхон-Енисей ескерткіштерінен бастап бүгінгі Тәуелсіздік жылдарына дейінгі бүкіл кітапты көрсететін көрме жасалмаған.

Шет елдердегі архив, кітапханалар өздерінің қорларын түгел цифрландырып жатыр. Бізде белгілі бір архивтер ғана өз күштерімен кейбір қорларды цифрландырды. Алайда көпшілігінің цифрландыру сапасы нашар. Цифрландырылған сирек қолжазбалар мен кітаптардың оқылуы қиын. Көшірменің сапасы да нашар, жүктеп алуға келмейді. Сондықтан кітаптардың оқылымын тегін етіп, бірақ жүктеуін ақылы етер болса, бұл олардың материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндік берер еді.

Архивтер мұндай мүмкіндікті әлі жасай қойған жоқ. Облыстардағы кей архивтердің сайты да жоқ. Шет елдердегідей архив құжаттарымен онлайн танысу мүмкін емес.

Пандемия кезінде Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Ресей архивтері өздерінің дүиелерін онлайн оқуға мүмкіндік жасады. Ал біздегі ғылыми жұмыстардың бәрі тоқтап қалды.

Сондықтан бұл мәселелерді Мәдениет және спорт министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі бірлесе қолға алып, жетілдіруі керек.

Бізде советтік кезеңнен қатып қалған көптеген тыйымдар бар. Соның бірі – көшірмелер жасауға тыйым салу. Ал алдыңғы қатарлы дамыған елдер цифрландыруға баяғыда көшіп кетті. Сондықтан елімізде қолжазбалар, сирек кітаптар, басқа да құнды құжаттарды цифрландырып, халықтың қажетіне жарату қажет. Бұл мұрағат құжаттарымен жұмысты азайтып, іздестіру жұмыстарын жүргізу мәселесін жеңілдетіп, оның сақталуының кепіліне айналады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «XX ғасыр – «халқымыздың

тарихындағы қасіретті кезең» деп баға берген өткен ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңына қатысты құжаттар әлі күнге дейін жабық тұр. Оларға тарихшылардың қол жеткізуі мүмкін емес. Жабық құжаттарды ашу, жариялау, жинақтау мәселесі тоқтап тұр.

Нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін жабық архивтердің ашылуына рұқсат берілген дұрыс. Президенттің тікелей тапсырмасымен, тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Тарихи әділдікті қалпына келтірудің алғышарты жабық архивтерді ашудан басталады. Сонда ғана жазықсыз жапа шеккендердің рухына тағзым етіп, кемел келешекке қол созамыз.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес, Сізден, жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймыз.

---

## **“ОБЛЫС АРХИВІ ЕҢСЕСІ ПӘС ЕСКІ ҮЙДЕ ОТЫР” АТТЫ МАҚАЛАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ**

«Жамбыл облысы мемлекеттік архиві» КММ директоры Көсемәлі Сәттібаұлының облыстық «Ақ жол» газетінің 25-қаршадағы №138 санына “Облыс архиві еңсесі пәс ескі үйде отыр” атты кең көлемді мақаласы жарияланды.





## УАҚЫТ НЕТКЕН ҰШҚЫР ЕҢ...



Өткен жылы қарашаның 11-і күні ортамызда жүрген атпал азамат, Қазақстанның құрметті журналисі Мақұлбек Рысдаулет 70 жастан аса бере өмірден озған еді.

Қазақ баспасөзіне, Жамбыл облысының баспасөзі мен рухани өміріне өзіндік үлес қосқан аяулы азаматтың қазасы көпшіліктің қабырғасын қайыстырған еді. Артына елеулі мұра қалдырған баспасөз қайраткерінің биік болмысы уақыт өткен сайын биіктей бермек.

Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін

тәмамдаған соң, Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болды. Алматы Жоғары партия мектебінде оқыды. Мақұлбек Рысдәулет сонымен бірге көптеген көркем әдеби және публицистикалық кітаптардың авторы ретінде білеміз.

Одан кейін республикалық «Халық кеңесі», «Заң», «Егемен Қазақстан» газеттерінің Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі, Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінің бас редакторы, кейінгі жылдары облыстық архив басшысы болып та ел тарихын тануға қатысты көп еңбек етті.

Жамбыл облыстық мемлекеттік архивінде қызмет істей жүріп облыстың қоғамдық саяси өміріне белсене қатыса жүріп, Жамбыл өңірінің жүріп өткен жолына, оның ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қиын кезеңдерден бірнеше кітапты дүниеге әкелді. Ол кітаптар бұл күнде қоғамның қажетіне жарап, аға ұрпақтың жанқиярлық еңбегіне қойылған ескерткішке айналғандай.



Аяулы азаматтың дүниеден озғанына жыл толды. Ол туралы естеліктер айтылуда, алда да айтыла бермек. Өйткені өмір жолында елеулі із қалдырған азаматтың ғибратты ғұмыры өзгелерге үлгі болса керек-ті.

---

# САПАР БАЙЖАНОВТЫҢ САРА ЖОЛЫ

Көрнекті журналист-жазушы, зерттеуші-ғалым Сапар Байжановтың туғанына -90 жыл толуына орай «Жамбыл облысы мемлекеттік архиві» КММ директоры Көсемәлі Сәттібаұлының облыстық «Ақ жол» газетінің 9-қаршадағы №131 санына «Сапар Байжановтың сара жолы» атты кең көлемді мақаласы жарияланды.

Мақалада журналистика, әдебиет саласында айшықты із қалдырған, сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы болған және Қазақстан Республикасының Бас архив басқармасының басшысы қызметін атқарған Сапар Байжановтың өнегелі өмір жолы баяндалады.

Сапар Байжанов 1930 жылы Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Шайқорық ауылында қараша айында дүниеге келген.



КӨРНЕКТІ ЖУРНАЛИСТ-ЖАЗУШЫ, ЗЕРТТЕУШІ-ҒАЛЫМ САПАР БАЙЖАНОВТЫҢ ТУҒАНБЫНА - 90 ЖІ



«Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген рас. Әйтпесе, Сапар Байжановты осы өңірдің тұмасы ретінде санау секінісшіл жылдары, яғни көзіңің тірі кезінде-ақ елге шақырып, еңбегін еске алған ұрпаққа ұялмай үлгі-өнеге етуге әбден болар еді. Сапекеннің сұлу бйылай қойғанда, елге есеп берер алып, жетіс, сексен жылдықтағына орай облыс орталығы мен аудандарда шығармашылық кештері өткенін осы уақытқа дейін естімепін.

Көсемәлі СӨТТБАЙҰЛЫ, «Жамбыл облысының мемлекеттік архиві» КММ директоры.

Естімегенім ештен емес, қазақ журналистикасында да, әдебиетінде де айшықты қолтаңбасы қалған, сонымен бірге елімізге ең беделді басшымыз – республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің он жыл бас редакторы болған, оған кейін еліміздің архив саласына басшылық жасап, оған да елеулі өнбегін сіңірген Сапекеннің өзіміз тұрғын жатқан Тараз қаласына «Шығармашы тұлға туралы» мына Шығармашы ауылында дүниеге келгенін сол кезде біреу білсе, біреу білмей-ау деп қорқам.

Ол кезде талапты жазушының да, сауатты журналистің де көп кезі. Бірақ солардың кез келгенін маңдайына Қазақ КСР-дегі №1-ші газет – «Социалистік Қазақстан» бас редактор боуа бақыты жазыла бермеген. Ал оңай бақыта қол жеткізген адам бір Сапар Байжанов болатын.

Сапекеннің өмір жолына қарап отырсақ, мына тұрған Жамбыл ауданындағы Шығармашы ауылында соның 1930 жылда қараша айында дүниеге келетіні. Қазақ мемлекеттік журналистика факультетін 1952 жыл бітірген. Сол кездегі «Лениншіл жас» гезитте студент кезінен атқалса, 1958 жылға дейін әдеби қызметкер, жұмысшы жастар болымын меңгерушісі, редактордың орынбасары

Осыған қосылған, айрықша мұқият жасалған, Семей уезі басқармасының және тіпті кезінде күзгер ретінде қатысу үшін өзі шығарған Шыңғыс болмысның мөрттері соғылған пакетке салынған бұт қолжазбалар мен хаттарды құпия іске және осы жөніндегі көптеген құжаттарға арнап С.Т.Б. Нұрғалиевтің жаздырат отырмын.

Пакетке салынған хат-хабарлардың ішінде Кокшетаудан келген, Ибрагим Қунабаевқа беймәлім адамның Семей уезінің қырыққандары да Ақмола облысындағы осындайлардың қырыққандар үшін мұсылман Мұхамбет дінінің айрықша қызығушылығын білдіретіндігіне айтып айтқанды ұсынысын қолдап, мәселесі көтеріліп өткенісін бір хаты бар. Қунабаевтың берген түсініктемесіне қарағанда, ол беймәлім адамнан келген бұл зақауы хатты мұнан 2 ай бұрын Арқай почта бөлімшесінен алған да, соңынан осыған екі күн бұрын, яғни 23 апрельде Қунабаев өз хатты өзінің ұлы Тұрағұлға берген, ал ол оны Шыңғыс болмысқа «шығмыс орауға» берген.

Менің оқи өскі жерде тұрған болмыс Рызмбай Құдайбердінің:

— Тұрағұлдан хат алдым ба, есеп алсаң, ол қапай қайда және оны маған беру бер десең сұрағым, — Құдайбердіні, сір, сасқалақтап, менің сұрауымда түсінібесің, мұғайысы қалады да, тіптімі арқалы: — Ненісе? Қандай хат? Ол несе керек? — деген сұхбаты сұрақтар қойды.

Мұндай түсінібесіңіз, мұғайысың тиімдім да, болмысқа өзі тіпті, оның кін жүйрен ішкі бейшепінді қалтасынан қазыпты хатты тауып алдым.

Бұл хаттың Құдайбердінінен табылу себебін мен былайша түсінемін: Қунабаевтың ұлы Тұрағұл басқа жерде ішкі бейшепінді Кокшетаудан хат алғанын мойындауға мәжбүр болған деп ойлаймын, менің басқа бір нәрсені айналдырып жатқандағы сәтінді мойындапты, хатты тығым қою үшін жасырын түрде болмысқа берді, мұнда ол мені қызмет адаммын, оның үстіне бұл күзгер ретінде ішкі бейшепінді отырғанда

қартайған, іске араласпайды, тығым та жасай өмір сүреді, тіпті өзіне қатысты жәсіқ істерге өте сақталып қарайды, яғни өз болмысында да, сондай-ақ көрші болмыстарда да ешқандай партияларды басқаруға бармайды, ал партиялардың басшылары оған кетсе сұрайды.

Саяси жағдайы азғайып, мен оны ақылды адам деп, фанатик емес деп санаймын, мұсылман билеушісіне үлгілерін қарақаттеріне арнаптанатын, сенуе балықтан адам деп санаймын.

Өзімен әлсізсізек кезде Қунабаев өз пайымдауларында мемлекеттік мүдделерді толық түсініптіні және Ресейдің Ақмола облысындағы жерлерде мемлекеттік қызмет атқарушы дүрм қолқарсын көрсетті, фанатик мұсылманнардың үкіметке қарсы әрекеттеріні ашу-ызымен айыптады, Жалпа алғанда Қунабаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тұрмайды.

Әрине, шығарған мақала Сапекеннің ұлы Абайға қатысты мысалға келтірген архив деректерінің бір-екунін ғана алып отырмыз. Бірақ осы деректердің өзінен сол замандағы қазақ балысының халқы мен байлығын несінен алған өзбір елдің саяси бағыт-бағдарын, қозғалыстары мен ұстанымдарын анық аңғарта болады.

Бұл туралы Сапар ағамыз: «Республикамыздағы Орталық Мемлекеттік архивінде сақталған осынау документтеріңіз мәнісін түсіну үшін Кокшетаудан ар тарапқа хат жазып, познания деріктеріңіз жүйрен Қосымшуде кім? Кокшетау, Ақмола, Омбы, Петербург, Семей арасында дүбір тұғызым, Шыңғыс болмысының қазғы Ибрагим Қунабаевтың атын ұсытамын, оны тығымдық жасамен терізде дүшар етіп, ауылында, үй-ішінде патия ұлғымға тіпті жүргізуіне, Абай мен оның балыларынан, болмыс Рызмбайдың жасау ағуына себебін болған жұмбақ хат келгенді хат? Ол хат бар ма, бар болса, айтары не? Бұл өзгерткішіңің ақыры немен тмтылап?

Архив қоймасында сақтаулы бұл документтерден сол кезеңде байланысты, Абайға қатысты недей тұжырымдар

Наурызбай Таласов, оні мешіт жағдайындағы мұқалы Шаймұрден және басқа болмыс, б патшалық Ресейнің өзбір саясатына қар қазақ қауымы ортасын азатып, басморталық қалақ өзкесін қамтаты ұым құрып, оны мұрт дейтін ұранға қарай қозғалған. Өзі қимыл-әрі парменділігі, мақалы үшін олар Ибрагим Қунабаевтың қалақ өзкесін қамтаты ұым құрып, оны мұрт дейтін ұранға қарай қозғалған. Өзі қимыл-әрі парменділігі, мақалы үшін олар Ибрагим Қунабаевтың қалақ өзкесін қамтаты ұым құрып, оны мұрт дейтін ұранға қарай қозғалған.

Әрине, бұл мақалада ақын Абай Құнабаевтың архивінде сақталған құра жазылған еңбегінен аз ғана мысал ретінде ұсыным. «Сыр мен сымба» «Сұңқар көңіі самғайды» «Үш князь — үш данғай» бес дөңгер» атты кітап оқырмандарынан жақсы ба «Замандас туралы» Шапкиннің прозасы хат және архив», «Қажы ба «Архив» — айтақ», «От» — өренге ұлағат» деп ат зерттер тұрғысындағы жаз еңбектер санатына қосылды. Ал жазушы-суреткер шығарған «Алақобеле» «Түткел», «Қарқара айбар романдары мен новелстері қосылған сүбелі үлес деп ( Сапекеннің қаламызда да, өзі, кетер тұрғын паша да көп болған. Оларды Мемлекеттік сыйлығын филология ғылымдары профессор Шерпазхан Еле

Ол: «Сапекен өте ең шығармашылықтың ағар

...қолжазбалар мен хаттарды құпия іске және осы жөніндегі көптеген құжаттарға арнап С.Т.Б. Нұрғалиевтің жаздырат отырмын. Пакетке салынған хат-хабарлардың ішінде Кокшетаудан келген, Ибрагим Қунабаевқа беймәлім адамның Семей уезінің қырыққандары да Ақмола облысындағы осындайлардың қырыққандар үшін мұсылман Мұхамбет дінінің айрықша қызығушылығын білдіретіндігіне айтып айтқанды ұсынысын қолдап, мәселесі көтеріліп өткенісін бір хаты бар. Қунабаевтың берген түсініктемесіне қарағанда, ол беймәлім адамнан келген бұл зақауы хатты мұнан 2 ай бұрын Арқай почта бөлімшесінен алған да, соңынан осыған екі күн бұрын, яғни 23 апрельде Қунабаев өз хатты өзінің ұлы Тұрағұлға берген, ал ол оны Шыңғыс болмысқа «шығмыс орауға» берген. Менің оқи өскі жерде тұрған болмыс Рызмбай Құдайбердінің: — Тұрағұлдан хат алдым ба, есеп алсаң, ол қапай қайда және оны маған беру бер десең сұрағым, — Құдайбердіні, сір, сасқалақтап, менің сұрауымда түсінібесің, мұғайысы қалады да, тіптімі арқалы: — Ненісе? Қандай хат? Ол несе керек? — деген сұхбаты сұрақтар қойды. Мұндай түсінібесіңіз, мұғайысың тиімдім да, болмысқа өзі тіпті, оның кін жүйрен ішкі бейшепінді қалтасынан қазыпты хатты тауып алдым. Бұл хаттың Құдайбердінінен табылу себебін мен былайша түсінемін: Қунабаевтың ұлы Тұрағұл басқа жерде ішкі бейшепінді Кокшетаудан хат алғанын мойындауға мәжбүр болған деп ойлаймын, менің басқа бір нәрсені айналдырып жатқандағы сәтінді мойындапты, хатты тығым қою үшін жасырын түрде болмысқа берді, мұнда ол мені қызмет адаммын, оның үстіне бұл күзгер ретінде ішкі бейшепінді отырғанда қартайған, іске араласпайды, тығым та жасай өмір сүреді, тіпті өзіне қатысты жәсіқ істерге өте сақталып қарайды, яғни өз болмысында да, сондай-ақ көрші болмыстарда да ешқандай партияларды басқаруға бармайды, ал партиялардың басшылары оған кетсе сұрайды. Саяси жағдайы азғайып, мен оны ақылды адам деп, фанатик емес деп санаймын, мұсылман билеушісіне үлгілерін қарақаттеріне арнаптанатын, сенуе балықтан адам деп санаймын. Өзімен әлсізсізек кезде Қунабаев өз пайымдауларында мемлекеттік мүдделерді толық түсініптіні және Ресейдің Ақмола облысындағы жерлерде мемлекеттік қызмет атқарушы дүрм қолқарсын көрсетті, фанатик мұсылманнардың үкіметке қарсы әрекеттеріні ашу-ызымен айыптады, Жалпа алғанда Қунабаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тұрмайды. Әрине, шығарған мақала Сапекеннің ұлы Абайға қатысты мысалға келтірген архив деректерінің бір-екунін ғана алып отырмыз. Бірақ осы деректердің өзінен сол замандағы қазақ балысының халқы мен байлығын несінен алған өзбір елдің саяси бағыт-бағдарын, қозғалыстары мен ұстанымдарын анық аңғарта болады. Бұл туралы Сапар ағамыз: «Республикамыздағы Орталық Мемлекеттік архивінде сақталған осынау документтеріңіз мәнісін түсіну үшін Кокшетаудан ар тарапқа хат жазып, познания деріктеріңіз жүйрен Қосымшуде кім? Кокшетау, Ақмола, Омбы, Петербург, Семей арасында дүбір тұғызым, Шыңғыс болмысының қазғы Ибрагим Қунабаевтың атын ұсытамын, оны тығымдық жасамен терізде дүшар етіп, ауылында, үй-ішінде патия ұлғымға тіпті жүргізуіне, Абай мен оның балыларынан, болмыс Рызмбайдың жасау ағуына себебін болған жұмбақ хат келгенді хат? Ол хат бар ма, бар болса, айтары не? Бұл өзгерткішіңің ақыры немен тмтылап? Архив қоймасында сақтаулы бұл документтерден сол кезеңде байланысты, Абайға қатысты недей тұжырымдар



# КІЛТІҢІЗ БОЛСА, АНЫҚТАМАНЫ ҮЙДЕН ШЫҚПАЙ-АҚ АЛУҒА БОЛАДЫ

Облыстық мемлекеттік архиві мекемесі «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметтерін көрсету бойынша «Ашық есік» күнін өткізді. Аталған іс-шараға орай өткізілген дөңгелек үстелді архив директоры Көсемәлі Сәттібайұлы ашып, келушілерге барлық көмек берілетінін айтты.

## Есет ДОСАЛЫ

Іс-шара барысында облыс әкімдігі архивтер және құжаттама бөлімінің бас маманы Мария Жаңабаева қазіргі таңда заман талабына сай көпшілікке қызмет көрсету жеңілдегенін, электронды форматқа көшкенін айта келіп, қатысушыларды ашық пікірлесуге, белсенділікке шақырды. Мұнан соң «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-ның облыс бойынша филиалының мамандары халыққа қызмет көрсету сапасы бойынша пікір білдірді. Атап айтқанда аталған филиалдың №1 бөлімінің маманы Бекболат Шайділдаев, №2 бөлімнің маманы Нұрбол Еділбай келушілерге барынша жылдам қызмет көрсетіп келе жатқандарына тоқталса, №3 бөлімнің басшысы Әмірхан Айтқұлұлы, №4 бөлім басшысының орынбасары



Айдар Сапаков қызмет көрсету барысында ешқандай кедергі жоқ екенін, тұрғындардың барлық сауалдарына жауап



беріп, мәселелерін шешіп беруге мүмкіндіктері молынан жететінін айтты. Тіпті, мамандардың айтуынша «Электронды үкімет» бағдарламасы халық арасына кеңінен таныла бастаған. Бүгінгі күні осы бағдарламамен әр тұрғын үйінде отырып-ақ, тіпті ұялы телефонына жүктеу арқылы да жеке басына қажетті барлық анықтаманы сұратып ала алады. Ол үшін әр азамат халыққа қызмет көрсету орталықтарынан немесе онлайн түрде «электронды кілт» (электронды цифрлық қолтаңба) алса болғаны.

Дөңгелек үстел барысында бірқатар келушілер өз сұрақтарын қойды. Мәселен, Тараз қаласының тұрғыны Сәуле Есжанова туу туралы куәлігін жоғалтып алған. Мамандар бұл мәселенің оңай шешілетінін, архив мекемесінің мамандары түбірден анықтап беретінін жеткізді. Ал Жамбыл ауданы, Бектөбе ауылынан келген Қалдықұл Батырбекованың мәселесі күрделірек. Ол бұрын КСРО-ның уақытында бір мекемеде біраз жыл еңбек еткендегі еңбек кітапшасын жоғалтып алған, екінші еңбек кітапшасымен басқа мекемеде 20 жыл істеген. Енді зейнетке шығу үшін еңбек өтілінің толық болуын қалайды. Бұл мәселеге жауап берген Әмірхан Айтқұлұлы бұрын еңбек еткен мекеменің атауын білсе, архивтен құжаттарды тауып алуға болатынын, болмаса өзімен сол мекемеде бірге істеген адамдарды куәландыра отырып, сот арқылы шешуге болатынын айтты. Жиында мамандар өзге сауалдарға жауап берді.

# Жамбыл облысының тарихы архив құжаттарында...

Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының оңтүстік аумағында орналасқан әкімшілік басқару бөлігі. Аумақ Талас пен Шу өзендері аңғарларында, Алатау мен Қаратаудың түйіскен баурайлары мен Балхаш көлінің батыс жағында, Қаратау жотасы мен Бетпақдала аралығында орналасқан.



**Жылнамаға жорық (шежіре)**

Алпыс жылға жуық Қоқан хандығының қол астында болып келген қазақ жерінің оңтүстігі 1864 жылыдан бастап орыс империясының құрамына енді. Осы өңірде Сырдария мен Жетісу облыстары құрылып, олар Түркістан генерал-губернаторлығына бағынды. Үкіметтің 1867 жылғы 11-маусымында қабылдаған жаңа жерлерді басқару жөніндегі «Уақытша Ережеге» сәйкес Әулиеата уезі құрылды. Орталығы Әулиеата шаһары болды. Уезде 200 мың халық тұрды. Тұрғындардың саны 1897 жылы 3000 мыңға жетті. 1917 жылы қазан төкерісінен кейін уезд Түркістан АКСР-нің құрамында болғаны белгілі. 1924 жылғы межелеуден кейін алғашында Сырдария, кейіннен Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында болып келген облысымыз 1939 жылдың 14 қазанындағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен Жамбыл облысы болып құрылды. Құрамына Жамбыл қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысынан бөлінген Жамбыл, Луговой (Т.Рысқұлов), Мерке, Сарысу, Свердлов (Байзақ), талас және Алматы облысынан бөлінген Шу ауданы, осы Шу ауданынан бөлінген Көктерек аудандары кірді. Облыс орталығы Жамбыл қаласы болды. («Архив-тарих шежіресі» кітабы).



# К а з а х с к а я С С Р

## ОБ ОБРАЗОВАНИИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ, АКМОЛИНСКОЙ И ДЖАМБУЛСКОЙ ОБЛАСТЕЙ В СОСТАВЕ КАЗАХСКОЙ ССР

*Извлечение из Указа от 14 октября 1939 г.  
(«Ведомости Верховного Совета СССР» 1939 г. № 35)*

Утвердить представление Президиума Верховного Совета Казахской Советской Социалистической Республики:

1. Об образовании Семипалатинской области с центром в городе Семипалатинске.

В состав Семипалатинской области включить: город Семипалатинск и Жанасемейский, Бель-Агачский, Ново-Шульбинский, Абралинский, Чингиставский, Жарминский, Аксуатский, Кокпектинский районы Восточно-Казахстанской области; Чубартауский, Аягузский, Урджарский и Маканчинский районы Алма-Атинской области.

2. Об образовании Акмолинской области с центром в городе Акмолинске.

В состав Акмолинской области включить: город Акмолинск и Акмолинский, Новочеркасский, Эркиншиликский, Вишневский районы Карагандинской области; город Степняк и Сталинский, Калининский, Макинский, Атбасарский, Есильский, Рузаевский, Арык-Балыкский, Зерендинский, Щучинский, Эмбекшильдерский районы Северо-Казахстанской области.

3. Об образовании Джамбулской области с центром в городе Джамбуле.

В состав Джамбулской области включить: город Джамбул и Джамбулский, Таласский, Свердловский, Меркенский, Луговский, Сары-Суйский районы Южно-Казахстанской области; Чуйский, Курдайский и Красногорский районы Алма-Атинской области.

4. О перенесении областного центра Восточно-Казахстанской области из города Семипалатинска в город Усть-Каменогорск.

Шуақты өлкеге биыл 81 жыл толып отыр. 2000 жылдық тарихы бар Тараз жері, Жамбыл елі талай тарихи оқиғаларды басынан өткізгені хақ. Облыс болып құрылған 1939 жылдан бастап өзінің даму жолына түсті.



1940 жылғы облыстық архивтің сарғайған құжаттарында облыстың қысқаша экономикалық, саяси, әлеуметтік тыныс-тіршілігіген хабар беретін құжат сақтаулы. Онда жаңадан құрылған облыстың кенжелеп қалған экономикасын көтеруге бағытталған шаралар туралы айтылған.

Жамбыл жерінде 10 аудан, 1 қалада 320390 адам тұрған. 1939 жылғы санақ бойынша облыста 1154 елді-мекен, қала типінде 4, оны ішінде Жамбыл қаласы (орталық), ал Шу, Луговой, Мерке-Түркісіб темір жолы бойындағы жұмысшы поселкілер. Бұл қала типтес жерлерде халықтың 30 % шоғырланған. Жамбыл облысы батысында Оңтүстік Қазақстан облысымен, оңтүстігінде Қырғыз жерімен, ал шығысында Алматы, солтүстігінде Қарағанды облыстарымен шектеседі. Облыстың жалпы аумағы 122 066,941 мың гектар. Жері шөл және шөлейтті аймақтар болып табылады.